

КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы білім
басқармасының Қосшы қаласы
бойынша» ММ басшысы

Қ.Е.Ахметов

2026 ж.

БЕКІТЕМІН

«Ақмола облысы білім
басқармасының Қосшы қаласы
бойынша Тайтөбе ауылының
ЖОБЕМ» КММ мектеп директоры

Т.С.Алиева

2026 ж.

2026 жылғы 28 тамыздағы
№1 педагогикалық кеңес
отырысында қарастырылды

2026-2027 оқу жылына «Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің үйде оқитын білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспары

**2026-2027 оқу жылына «Тайтөбе ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ үйде оқитын
білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспарына**

ТҮСІНІК ХАТ

«Тайтөбе ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін, үйде оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларына арналған оқу жоспары төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды және қорытындыларды негізге ала отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы (9-қосымша);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспарлары. Оқу жоспарлары әр оқушының ПМПК қорытындысына сәйкес төмендегідей бөлінді:
 - 9-қосымшаның 10-тарауы негізінде – Мақсуит Мақсатқа;
 - 55-қосымша негізінде – Абдухамет Бейбарысқа;
 - 57-қосымша негізінде – Қаукен Тамерланға жасалды.
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің әдістемелік ұстанымдары туралы нұсқаулығы;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындылары.

Аталған оқу жоспарлары білім алушылардың үйде білім алуын ұйымдастыруға, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу процесі әр оқушының ерекше қажеттіліктеріне сай бекітілген үлгілік оқу жоспарларына негізделіп, инварианттық және түзету компоненттерінен тұрады.

ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ:

1. Мақсуит Мақсат: 9 «Б» сынып оқушысы Мақсуит Мақсаттың ең жоғарғы апталық оқу жүктемесі **10 сағатты** (жылдық – 340 сағат) құрайды.

- **Инварианттық компонент** (аптасына 8 сағат): Тіл және әдебиет (қазақ тілі, оқу және тіл дамыту, орыс тілі – 4 сағат), Математика (2 сағат), Жаратылыстану (жаратылыстану, география – 1 сағат), Адам және қоғам (қазақстан тарихы – 0,5 сағат), Технология (әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау – 0,5 сағат). Пәндер оқушының коммуникативтік, есептеу дағдыларын және қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.
- **Түзету компоненті** (аптасына 2 сағат): Жеке дамыту сабақтары оқушының танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, ойлау) және психологиялық-эмоционалдық жағдайын түзетуге арналған.

2. Абдухамет Бейбарыс: 6 “Б” сынып оқушысы Абдухамет Бейбарыстың оқу жүктемесі 55-қосымшаның талаптарына сай оның танымдық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне бейімделген. Апталық оқу жүктемесі – 15 сағат.

- **Инварианттық компонент:** Негізгі пәндер оқушының базалық білімдік дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Тіл дамыту, оқу, жазу және қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру арқылы баланың ауызша сөйлеу тілі мен логикалық ойлауы жетілдіріледі. Сонымен қатар, қоршаған ортамен танысу пәндері арқылы өмірге бейімдеу жұмыстары жүргізіледі.
- **Түзету компоненті:** ПМПК ұсынысына сәйкес логопедиялық, психологиялық немесе моториканы дамытуға арналған жеке түзету сабақтары қамтылған. Бұл сабақтар баланың зейінін тұрақтандырып, оқуға деген ынтасын арттыруға септігін тигізеді.

3. Қаукен Тамерлан: 10 “А” сынып оқушысы Қаукен Тамерланның оқу жоспары тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған 57-қосымшаға (жаратылыстану-математикалық бағыт) сәйкес әзірленіп, оқушының зияткерлік қабілеттері сақталғанын және денсаулық жағдайындағы физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылған. Апталық оқу жүктемесі – 12 сағат.

- **Инварианттық компонент:** Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай толыққанды академиялық білім беруге басымдық беріледі. Оқу процесінде физикалық шаршаудың алдын алу және жазу жұмыстарын жеңілдету мақсатында тапсырмалар көлемі бейімделіп, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (тапсырмаларды компьютерде орындау, аудио/бейне материалдар) кеңінен қолданылады.
- **Түзету компоненті:** Тірек-қимыл аппаратының қызметін қолдауға, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға (жазу және тұрмыстық дағдыларды жаксарту үшін) және кеңістіктегі қимыл-қозғалыс үйлесімділігін арттыруға арналған арнайы дамыту сабақтары (ЛФК элементтері) жүргізіледі. Сонымен қатар, оқушының әлеуметтік бейімделуі мен психоэмоционалдық жағдайын қолдау көзделеді.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар (ақыл-ой кемістігі бар) білім алушыларға Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) толық орындау талап етілмейді. Оқыту мазмұны әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қабылдау деңгейіне қарай бейімделіп (жеңілдетіліп) жүргізіледі.
2. Оқушылардың денсаулық жағдайы мен қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, пәндер арасындағы сағаттарды қайта бөлуге немесе сабақ ұзақтығын реттеуге рұқсат етіледі.
3. Балалардың қоғамға бейімделуін және әлеуметтенуін қамтамасыз ету мақсатында (емдеуші дәрігердің келісімі бойынша) оқушылардың мектептегі жекелеген сабақтарға немесе тәрбиелік іс-шараларға қатысуына жағдай жасалады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
55-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі
орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

	Оқу пәндері	Сынып бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме, сағат
		6 «Б» сынып Абдухамет Бейбарыс	жылдық
Инварианттық компонент			
	Тіл және әдебиет	8	272
1.	Қазақ тілі	2	68
2.	Қазақ әдебиеті	2	68
3.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	68
4.	Шетел тілі	2	68
	Математика және информатика	4	136
5.	Математика	3	102
6.	Алгебра	-	-
7.	Геометрия	-	-
8.	Информатика	1	34
	Жаратылыстану	1	34
9.	Жаратылыстану	1	34
10.	Физика	-	-
11.	Химия	-	-
12.	Биология	-	-
13.	География	-	-
	Адам және қоғам	2	68
14.	Қазақстан тарихы	1	34
15.	Дүниежүзі тарихы	1	34
16.	Құқық негіздері	-	-
Инварианттық оқу жүктемесі		15	510
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		15	510

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 9-қосымшаның 10-тарауы

Қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сынып бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме, сағат
		9 «Б» Мақсұт Мақсат	жылдық
ИНВАРИАНТТЫҚ КОМПОНЕНТ			
	Тіл және әдебиет	4	136
1	Қазақ тілі	2	68
2	Оқу және тіл дамыту	1	34
3	Орыс тілі	1	34
	Математика	2	68
4	Математика	2	68
	Жаратылыстану	1	1
5	Айналадағы әлем	-	
6	Жаратылыстану	0,5	17
7	География	0,5	17
	Адам және қоғам	0,5	17
8	Қазақстан тарихы	0,5	17
	Технология	0,5	17
9	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау	0,5	17
ИНВАРИАНТТЫҚ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ		8	272
ТҮЗЕТУ КОМПОНЕНТІ			
Жеке дамыту сабақтары		2	68
Түзету оқу жүктемесі		2	68
ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ		10	340

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
57-қосымша

Жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы
бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқыту үшін қазақ тілінде оқытатын
жаратылыстану-математикалық
бағыттағы жалпы орта білім берудің
үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны	Жалпы жүктеме, сағат
		10 «А» Қаукен Тамерлан	жылдық
Инварианттық компонент			
1	Қазақ тілі	1	34
2	Қазақ әдебиеті	1	34
3	Орыс тілі мен әдебиеті	1	34
4	Шетел тілі	0,5	17
5	Алгебра және анализ бастамалары	1	34
6	Геометрия	1	34
7	Информатика және жасанды интеллект	0,5	17
8	Физика	1	34
9	Химия	1	34
10	Биология	1	34
11	География	1	34
12	Қазақстан тарихы	1	34
13	Дүниежүзі тарихы	0,5	17
14	Құқық негіздері	0,5	17
Инварианттық оқу жүктемесі		12	408
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		12	408

Бауланған

Номерленген және мермен бекітілген

Парақ

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры Т.С.Алиева



Aliyeva